



### ҚҰРМЕТТІ КҮРШІМ АУДАНЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ!

Баршаңызды Жаңа 2025 жылмен  
шын жүректен құттықтаймын!

Әрбір жылды шығарып салар тұста, өткенді ой елегінен өткізіп, жарқын жаңалықтарды, ерекше оқиғаларды еске аламыз, жылды қорытындылап, жаңа жоспарлар жайлы ойланамыз, алдымызға үлкен мақсаттар қоямыз.

Биылғы жылы ауданда біршама игі істер атқарылды. Аудан тұрғындарының ерен еңбектерінің нәтижесінде өңірде экономиканың барлық бағыттары қарқынды дамып келеді. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деп халқымыз айтқандай, осы жетістіктеріміз берекелі бірлігімізбен бірлесе атқарған еңбектің нәтижесі. Алдағы уақытта да әлі талай игілікті істердің куәсі болатынымызға сенімдімін.

Қымбатты жерлестер!

Жаңа жылды әр адам үкілі үмітпен, ізгі ниетпен және ақ тілекпен қарсы алады. Келер жыл жағымды жаңалыққа, қуанышты сәттерге толы болсын! Жаңа жылда әр отбасына амандық, баршаңызға мықты денсаулық, елімізге береке-бірлік тілеймін! Жаңа жыл құтты болсын!

Күршім ауданы әкімінің  
міндетін атқарушы Қ.ӘЗІМБАЕВ

### УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ КУРЧУМСКОГО РАЙОНА!

От всей души поздравляю Вас  
с новым 2025 годом!

Провожая год, мы размышляем о прошлом, вспоминаем яркие новости, особые события, подводим итоги года, думаем о новых планах, ставим перед собой большие цели.

В этом году в районе проделана большая работа. В результате самоотверженного труда жителей района в регионе динамично развиваются все направления экономики. "Ноша, которую мы несем вместе, легка", - говорит народ, и это результат работы, которую мы проделали вместе, в единстве. Уверен, что в дальнейшем мы станем свидетелями еще многих добрых дел.

Дорогие земляки!

Новый год каждый встречает новыми надеждами, добрыми пожеланиями. Пусть наступающий год будет наполнен позитивными новостями, радостными моментами! Желаю в новом году благополучия каждой семье, крепкого здоровья, благополучия нашей стране! Счастливого Нового года!

Исполняющий обязанности  
акима Курчумского района  
К.АЗИМБАЕВ

### Жыл қорытындысы

## Үздік жастардың марапаты

Жастар саясатының басымдығының бірі – жастарды қолдау. Осы мақсатта елімізде, облыста, ауданда түрлі игі шаралар, тың бастамалар қолға алынып келеді. Аудандық жастар ресурстық орталығының жұмысы да – соның

айқын дәлелі. Кеше Күршім ауданында жастар ресурстық орталығының ұйытқы болуымен Күршім ауданының үздік жастары 2024 марапаттау шарасы салтанатты түрде жарасым тапты.



Шара барысында Жастар ресурстық орталығының директоры А.Карапетян биылғы жылы атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті. А.Карапетяның айтуынша, ауданда 14-35 жас аралығында 5223 жас тіркелген. Биылғы жылы осы жастардың қатысуымен 70 түрлі форматтағы шара ұйымдастырылған. Аудан жастары «Дипломмен ауылға», «Жасыл ел», «Жастар практикасы» сынды мемлекеттік бағдарламаларда бақтарын сынап жүр. Мысалы, «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында биылғы жылы 15 жас маман тұрғын үй сатып алып, 22 жас көтерме жәрдемақыға қол жеткізген. Сонымен қатар, жаңа бизнес идеяларын жүзеге асыру мақсатында үш жас мемлекеттік қайтарымсыз грантқа ие болған. Сондай-ақ, жастарға жасалып жатқан қамқорлықтың нәтижесі аудандағы жұмыссыз жастар санының төмендегенін ерекше атап өтті. Шара барысында әр округтен келген 11 жас облыстық жастар ресурстық орталығы директорының Алғыс хатымен марапатталды. Сонымен қатар аудандағы жастар саясатын жүзеге асырудағы, қоғамдық, мәдени жұмыстарға белсенді қатысып жүрген жастар лайықты марапатқа ие болды. «Жыл лидері», «Жыл патриоты», «Жыл көшбасшысы», «Еңбек адамы», «Жылдың үздік бастамашысы» номинацияларымен ауданның жалынды жастары марапатталды.





## Хабарландыру

2025 жылдың 17 қаңтардан бастап 13 ақпанға дейін аралығында 20 жұмыс күні ішінде техникалық-экономикалық негіздемесі бар «Оңтүстік Алтай» республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи қорықтың аумағын кеңейту» ерекше қорғалатын табиғи аумақтың жерлерін бөлуге арналған жерге орналастыру жобасы туралы бойынша қоғамдық талқылау түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Ескертулер мен ұсыныстар беру үшін жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда <https://ecportal.kz/> «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде танысуға болады.

Бастамашы – «Манка» ТҚК» ЖШС, тел. 87057708393, e-mail: z.shilyaeva@bk.ru.  
Жергілікті атқарушы орган - «Шығыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-і, тел. 8(7232)25-72-06.

## Объявление

Проводятся общественные слушания в форме публичного обсуждения с 17 января по 13 февраля 2025 года, в течение двадцати рабочих дней по проекту технико-экономического обоснования «Расширение территории Государственного природного комплексного заказника республиканского значения «Оңтүстік Алтай» с землеустроительным проектом отвода земель особо охраняемой природной территории.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz/> в разделе «Опубликованные публичные обсуждения» для представления замечаний и предложений.

Инициатор - ТОО «ГРК «Манка», тел. 87057708393, e-mail: z.shilyaeva@bk.ru.  
Местный исполнительный орган – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Восточно-Казахстанской области», тел. 8(7232)25-72-06.

## 2024 жылдың 11 айында "БЖЗҚ" АҚ 40 миллионнан астам қызмет көрсетті

01.01.2024ж. бастап 31.11.2024ж. дейінгі уақыт аралығында "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) халыққа 40,3 млн астам қызмет көрсетті. Қызметтердің жалпы санының 21,6 млн астамы электрондық форматта көрсетілсе, шамамен 17,1 млн қызмет автоматты түрде атқарылды. Осылайша, автоматты, электрондық және қашықтан көрсетілген қызметтердің үлесі операциялардың жалпы санының 97,4% тең болды. Күндізгі форматта 1,0 млн астам қызмет көрсетіліп, оның ішінде тікелей Қор кеңселерінде шамамен 1,0 млн қызмет ұсынылды.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасының (ЖМЗЖ) енгізілуіне, сондай-ақ, "Ұлттық қор-балаларға" бағдарламасы шеңберінде нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтарды есепке алу және есептеу бойынша БЖЗҚ қызмет ауқымының кеңеюіне байланысты автоматты режимде көрсетілетін қызметтер саны өсті. Әсіресе, нысаналы талаптарға қатысушылар үшін шоттар (ЖЗШ/ШЗШ/НЖШ) мен карта ашу ерекше серпін бергенін байқауға болады. Естеріңізге сала кетсек, барлық зейнетақы шоттары БЖЗҚ-ға алғашқы жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. Сондай-ақ, "Ұлттық қор - балаларға" бағдарламасының қатысушыларына нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтар автоматты түрде есептеледі.

2024 жылдың есепті кезеңінде шартты зейнетақы шоттарын (жұмыс берушінің ЖМЗЖ аудару нәтижесінде ашылған ШЗШ) және нысаналы жинақтау шоттарын (НЖШ, "Ұлттық қор-балаларға" бағдарламасы шеңберінде) қоса алғанда, зейнетақы жарналарының барлық түрлері бойынша жаңадан ашылған жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жалпы саны барлық формат бойынша 5,2 млн асты.

Жеке зейнетақы шотынан, шартты зейнетақы шотынан (ШЗШ), сондай-ақ, нысаналы жинақтау шотынан (НЖШ) үзінді көшірме алу - әлі де ең танымал қызмет қатарында. Жыл басынан бері ЖЗШ, ШЗШ, НЖШ-дан 24,3 млн астам үзінді көшірме берілді. Оның ішінде 19,6 млн астам үзінді көшірме электронды түрде және 4,0 млн астамы автоматты режимде рәсімделді.

БЖЗҚ салымшылардың (алушылардың) сайттағы және ұялы қосымшадағы Жеке кабинетте өз деректемелеріне, банктік деректемелеріне өзгерістер

мен толықтырулар енгізу, ЖЗШ бар екендігі туралы анықтама алу, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз белгіленуіне байланысты немесе ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру сияқты қызметтерді пайдалануға мүмкіндіктері бар екенін еске салады. Сондай-ақ, зейнетақы жарналарын төлеу туралы өтініштің мәртебесін қадағалау, инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) жинақтардың бір бөлігін аудару, зейнетақы калькуляторының көмегімен болашақ зейнетақыны болжамды есептеу, ерікті зейнетақы жарналарын аудару және т.б. қызметтер әлемнің кез-келген нүктесінде 24/7 режимінде қолжетімді.

2024 жылғы қаңтар-қараша айларында деректемелерді өзгертуге 183,8 мыңнан астам өтініш қабылданып, оның 167,7 мыңы Қордың кеңселерінде ұсынылды.

БЖЗҚ мамандарына қандай да бір қызмет түрі бойынша жүгіне отырып, салымшылар, әдетте, жинақтарды қалыптастыруға қатысты қосымша кеңестер ала алады. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында 39,3 мыңнан астам көшпелі таныстырылым өткізіліп, оған 824,9 мың адам қатысты. Бұқаралық ақпарат құралдарында БЖЗҚ хабарламалары бойынша 39,0 мың материал жарияланды.

Салымшылардың кері байланыс арналары бойынша түскен өтініштерінің саны шамамен 573,7 мың.

Естеріңізге сала кетейік, кез келген компания Қор кеңсесіне барып жинақтаушы зейнетақы жүйесінің мәселелері бойынша таныстырылым мен кеңестер өткізуге өтінім бере алады. Ол үшін 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығына қоңырау шалып, Қор сайты немесе ұялы қосымшасы арқылы хабарласу қажет.

БЖЗҚ-ның кеңес беру қызметтерін мессенджерлер (+7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боттары) арқылы, 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығынан (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін), [enpf.kz](http://enpf.kz) корпоративтік сайтынан, сондай-ақ, Instagram, Facebook, ВКонтакте, X(Twitter), Telegram, Одноклассники сияқты әлеуметтік желілердегі БЖЗҚ-ның ресми парақшаларынан алуға болады.

«БЖЗҚ АҚ» баспасөз орталығы

## Ауданда құрылыс жұмыстарының орындалуы және объектілерді пайдалануға беру туралы

2024 жылғы қаңтар-қарашада құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі 23861,9 млн. теңгені құрады, бұл 2023 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 78,5%-ға көп.

2024 жылғы қаңтар-қарашада пайдалануға берілген жаңа ғимараттардың жалпы алаңы 6315 шаршы метрді құрады. Пайдалануға берілген тұрғын ғимараттардың жалпы алаңы 2023 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 119,2% артты.

2024 жылғы қаңтар-қарашада тұрғын үй құрылысына 1429,6 млн. теңге салынды, бұл 2023 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 29,9% көп.

Жалпы пайдалануға берілген тұрғын үйдің едәуір бөлігі – 6315 шаршы метр немесе 100,0% жеке салушылармен, оның ішінде халықпен жалпы көлемде 100%-ды құрайтын 6315 шаршы метр пайдалануға берілген.

Б.ХАМИТОВ, статистика басқармасының басшысы

## О выполнении строительных работ и вводе в эксплуатацию объектов в районе

В январе-ноябре 2024 года объем строительных работ (услуг) составил 23861,9 млн. тенге, что на 78,5% больше по сравнению с соответствующим периодом 2022 года.

В январе-ноябре 2024 года общая площадь введенных в эксплуатацию новых зданий составила 6315 кв. м. Общая площадь введенных в эксплуатацию жилых зданий увеличилась по сравнению с аналогичным периодом 2023 года на 119,2%.

В январе-ноябре 2024 года в жилищное строительство было направлено 1429,6 млн. тенге, что на 29,9% больше по сравнению с аналогичным периодом 2023 года.

Большая часть жилья – 6315 кв.м или 100,0% сдана в эксплуатацию частными застройщиками, из них населен-нием 6315 кв. м, что в общем объеме ввода составляет 100,0%.

Б.ХАМИТОВ, руководитель управления статистики

## Объявление

Считать недействительным утеряное служебное удостоверение КЗ032978 Кульназарова Русланбека Унгаровича.

## Зағип және көру қабілеті нашар жандардың ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндіктері кеңейеді

Мәжіліс зағиптардың және көру қабілеті бұзылған немесе баспа ақпаратын қабылдау қабілеті өзгедей шектелген адамдардың жария етілген туындыларға қол жеткізуін жеңілдету туралы Марракеш шартын ратификациялады.

Заң жобасын Әділет министрі Азамат Есқараев таныстырды.

Құжатқа 2013 жылы 27 маусымда Марракеш қаласында қол қойылған.

Шарттың негізгі ережелерінде оның қатысушылары жарияланған туындыларды қолжетімді форматтарда көбейту, тарату және оларға жария қол жеткізуі үшін авторлық құқықтар саласындағы шектеулер мен ерекшеліктер белгіленген.

Сонымен қатар арнайы уәкілетті органдардың қызметі арқылы ба-

спа ақпаратын қабылдау үшін көру қабілеті бұзылған немесе басқа да қабілеттері шектелген адамдарға қолжетімді форматтарда туындылармен трансшекаралық алмасуды жүзеге асыру қарастырылған.

Марракеш шартының ережелері аудиокітаптармен қоса кез келген БАҚ-та жарияланған немесе басқа жолмен көпшілікке қолжетімді мәтін, ноталық жазба секілді иллюстрациялар түріндегі туындыларға қолданылады.

Шартты ратификациялау көру қабілеті бұзылған немесе басқа да қабілеттері шектелген адамдарға кітаптарға, журналдарға, оқу материалдарына қолжетімділікті кеңейтуге және қоғамның мәдени, әлеуметтік өміріне тең қол жеткізуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

## Еске алу



**Бәрімізге ардақты әке, енді бірімізге аяулы жар Сарыөлең ауылының тумасы болған Ульме-секов Айтмұхан Раузанұлын 25 желтоқсан қайтыс болған күніне орай сағынышпен еске аламыз.**

Әкеден асқан жан жоқ екен, Қарайып жүрсен қасымда. Уайым-қайғы жоқ екен,

Білмедік, әттең расында. Бәйтеректей әулетке сая болған Бәрінен мейірімін аямаған. Жәннатта жаның болсын, рухың биік Өзіңдей қайда бізге, аяулы адам. Қол жайып, әумин деп бата оқып, Жүреміз талай барып қабіріңе! Мейіріммен жымыған күлкіңізді Еске алып, мәңгілікке сағынамыз. Жатқан жерін, жан әке, жайлы болып, Сәуле шашып, тұрсыншы қабіріңде.

**Сағынышпен еске алушылар: жұбайы Гүлмира, ұлдары Аян, Айдын, келіні Баян, қызы Гүлназ, күйеубаласы Алмас, немерелері.**

Күршім ауданы әкімі аппаратының бас маманы Анар Шағалановаға ардақты әкесі Батырбек Бидәулетұлының қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Қаратоғой ауылының тұрғындары Мұсабековтар әулетіне Мұсабеков Руслан Амангелдіұлының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты сыныптастары қайғыра көңіл айтады.

Қаратоғай орта мектебі ұжымы осы мектептің мұғалімдері Мұсабекова Аяулымға жары, Раханова Толқынға бауыры, Үкіртаева Динарға қайнысы, қамту қызметкері Мұсабекова Гүлжамалға бауыры Мұсабеков Русланның мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады.

«Күршім жаршысы» газеті  
Меншік иесі:  
ЖК «Заңғар\_Медиа»  
Күршім аудандық қоғамдық-саяси апталық газеті  
Директор-редактор  
К.Р.БУРХАНБАЕВА

Тілші Х.ЗӘКӘРИЯ  
Газетті компьютермен безендіруші:  
Н.МҰҚАТАЕВА  
тел.: 3-11-28

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және министрлігінің Ақпарат комитеті республикалық мемлекеттік мекемесінде 22.12.2023 жылы тіркелді №КЗ87VPY00084308.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:  
071200, Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауылы, Барақ батыр көшесі, 25-үй.  
E-mail: zaryu-kur@mail.ru  
Жарнама қабылдау телефоны 3-11-28

Хаттар мен қолжазбалар қайтарылмайды. Жарияланған материалдарда айтылған пікір редакцияның пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін.  
Жарнаманың дұрыстығына жарнама беруші жауапты.